

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

205 АДАМ АЖАЛ ҚҰШТЫ

ҚҰМЫРСҚАНЫҢ
ИЛЕУІНДЕЙ ҚАРА ЖОЛ-
ДА ЫЗҒЫТЫП ЖҮРГЕН
АВТОКӨЛІКТЕР АДАМ
ӨМІРІН ЖАЛМАП ЖА-
ТЫР. ОҒАН КӨЛІК
ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ
ӨЗДЕРІ ДЕ КІНӘЛІ.
ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АРТ-
ТЫРЫП, ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН
САҚТАМАЙ, ӨЗДЕРІН ДЕ,
КӨЛІК ІШІНДЕ ОТЫРҒАН
ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ
ДА ӨМІРЛЕРІНЕ ҚАУІП
ТӨНДІРУДЕ.

Бұдан 5-6 жыл бұрын Алматы - Талдықорған бағытындағы күре жолдар жөндеуден өтпей тұрғанда, жол-көлік оқиғалары жолдың сапасыздығынан орын алуда деп дабыл қаққанбыз. Енді тақтайдай түзу жолдың бойында екі күннің бірінде кісі өлімі тіркеліп тұр.

Мәселен, шілде айының соңына таман екі жол-көлік апатынан 6 адам көз жұмса, тағы 9 адам түрлі дене жарақатын алып, ауруханаға түскен. Сол жол-көлік оқиғасының бірі Алматы - Өскемен бағытындағы республикалық тас жолдың, Көксу ауданындағы Балпық би ауылының маңында болды. BMW-525 автокөлігі аударылып, жүргізуші мен оның екі жолаушысы көз жұмып, тағы екі жолаушы мен бір бала ауруханаға жеткізілген.

Шілде айының өзінде өңірдің ав-



тожолдарында 100-ге жуық көлік апаты тіркеліп, 40-тан астам адам ажал құшып, 140-тан астам жолаушы жарақат алған. Сондай-ақ, тағы бір көлік апаты Жамбыл ауданының Қарғалы ауылының маңында апатқа ұшыраған. «Сан-Йонг» және «Ауди-100» автокөліктері соқтығысып, үш адам қаза тапқан. Бұдан бөлек, алты адам түрлі дене жарақаттарымен ауруханаға жеткізілген.


«Жол-көлік оқиғасына қатысты полицейлер де түрлі шараларды жүзеге асырып келеді. Алайда, одан шығып жатқан нәтиже шамалы. Себеб, көлік тізгіндеген жүргізушілер,

жылдамдықты арттырып, жол ережелерін қаперлерінен шығарып алуда», - деді Көксу аудандық полиция бөлімінің есепті жиынында Алматы облыстық Ішкі істер департаментінің басшысы полиция генерал майоры Мұрат Жәлелұлы Ұрымханов.

Жалпы Алматы облысында алты айдың ішінде 1117 жол көлік оқиғасы тіркеліп, 1600-дей адам түрлі дене жарақатын алса, 205 адам көлік апатынан ажал құшқан. Қаңқасы қаңылтырмен қапталған жеңіл көліктердің саны да жылдан-жылға артып келеді. Қазір жаяу жүргіншіден

қалада да, далада да зымырандай зулап бара жатқан көліктерден көз сүрінеді. Олардың қаншалықты техникалық талапқа сай емес екенін де біліп болмайсың. Тіпті 1980-84 жылғы шетелдік ескі көліктер де бар. Өркім барымен базар ғой, әйтсе де, жолда жүргенде жол қауіпсіздігін сақтап, қауіпсіздік шарасын есте ұстаса дейсің. Алайда, бұл ережені екіншісі бірі сақтап жүрген жоқ. Қара жолдың бойы күнара қанға боялып, адамды темір жұтып жатқанын көріп, денең түршігеді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



МӘСЕЛЕ

ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Алматы облысы Ескелді ауданына қарасты Бақтыбай ауылының Алматы – Талдықорған бағытындағы республикалық жол өтетін тұсында тұратын тұрғындардың наразылығына байланысты аталған ауылға облыс әкімінің міндетін атқарушы Серікжан Бескемпіров арнайы барып, кездесу өткізді.

Наразы топтың сенімді өкілдерімен жүздескен С. Бескемпіров туындаған мәселені облыс әкімі Амандық Баталов тікелей бақылауына алғанын айта келе, жолға жауапты сала мамандарымен бірге туындаған мәселелерді шешу жолдарын талқылады.

«Жаңа трасса үйімізге тым жақын, жол биік салынған соң, үйіміз еңісте қалғандықтан күні ертең су басу қаупі де жоқ емес. Өмір қауіпсіздігі мәселесіне де алаңдаймыз», - дейді тұрғындар.

Осыған орай «Алматы ҚазАвтоЖол» АҚ Алматы облыстық филиалы тұрғындардың ауласына дейінгі жерді жолмен бірдей етіп тегістеп, қақпаларын көтеруді өз мойындарына алуға дайын екенін айтып отыр. Ал трасса бойындағы Қонаев көшесінің тұрғындары мемлекет немесе мердігер ұйым үйімізді толықтай сатып алсын немесе құны тең келетін басқа үйге айырбастап берсін деген талап қоюда.

Негізі тұрғындардың жылжымайтын мүліктерін алдын ала бағалау жұмыстары бұған дейін де жүргізілген. Бірақ ұсынылған баға бақтыбайлықтарды қанағаттандырмай отыр.

«Алматы ҚазАвтоЖол» АҚ Алматы облыстық филиалының басшысы Ж.Қобыландынның сөзіне сүйенсек, бұған дейін мекеме өз қаржысына тұрғындардың үйлеріне бағалау жасатқан. Қорытындысында жылжымайтын мүліктер орта есеппен 2-3 млн. теңгеге, ең жоғарғысы 12

млн. теңгеге дейін бағаланған. Бірақ бағалау қорытындысымен тұрғындардың бірі келіссе, енді біреуі келіспейді. Сондықтан осы кездесуде жергілікті атқарушы органдар мен тұрғындар бір келісімге келіп, бақтыбайлықтар бағалаушы компанияны өздері табатын болып шешті.

Жауапты мамандардың айтуынша, автожолдың дау туындатып отырған осы бөлігі жуырда жергілікті әкімдіктің қарауына берілмек. Себебі ұзындығы 18 шақырым болатын жаңа айналма жол салу жоспарланып отыр. Сөйтіп ауыл ішімен жүретін көліктердің легі едәуір азаятын болады.

Облыстық полиция департаментінің өкілі Ернар Сайдильдиннің айтуынша, полиция қызметкерлері тұрғындар наразылық білдірген оқиға орнында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, заңсыз әрекеттің жауаптылығы жайлы ұғындырды. Және осы акцияны ұйымдастырушылар мен белсенді қатысушыларына әкімшілік жаза қолданылатынын да атап өтті.

Еске салсақ, Бақтыбай ауылының оннан астам тұрғыны ауыл ішінен өтетін республикалық трассаны жауып, өз наразылықтарын білдірген болатын.

Дереккөз: Алматы облысы әкімдігінің ресми сайты <http://www.zhetysu.gov.kz>

КАУІПСІЗДІК



ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕРГЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Алматы облысында «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шарасы аясында жол жүру ережесін сақтамаған жаяу жүргіншілерді анықтау бойынша арнайы рейд жүргізілді.

Рейд барысында жүзден астам жаяу жүргіншілерге арнайы белгіленбеген жерден жолды кесіп өткені үшін айыппұлдар салынды. Сондай-ақ, жол ережесін бұзған 15 автокөлікті арнайы автотұраққа әкетті.

«Жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол қозғалысы ережелерінің қатаң сақталуын қадағалау мақсатында өткізіліп отырған республикалық іс-шара барысында жол қауіпсіздігіне баса назар аударылуда. Іс-шараның алғашқы күні қауіпсіздік белдігін тақпаған 101 жүргізуші және жаяу жүргіншіге жол бермеген 34 көлік иесі анықталды», - дейді облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Деректерге сүйенсек, өңірімізде шілде айында 95 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, көлік апаттарынан 43 адам көз жұмған.

«Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында полицейлер жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, 1200-ден астам буклет пен жадынамалар таратты», - деп атап өтті облыс полицейлері.

Д. БЕЙБІТ.

ЖАРЫҚСЫЗ ЛАШЫҚ

ОСЫҒАН ДЕЙІН
ТЕРЕЗЕЛЕРІ
ЦЕЛЛОФАНМЕН
ҚАПТАЛҒАН
ЛАШЫҚТА ТҰРЫП
КЕЛГЕН КӨП БА-
ЛАЛЫ ОТБАСЫНА
ЖАМБЫЛ АУДА-
НЫ, ҚАЙНАЗАР
АУЫЛЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ ҚОЛ ҰШЫН
БЕРДІ.



2001 жылы Өзбекстаннан көшіп келген Қайрат Пауеновтың бүгінде 1, 3, 5, 7 жастағы төрт баласы бар. Жолдасы қалалық ауруханада еден жуушы болып жұмыс атқарады. Әр ай сайын бұл отбасы 105 мың теңге көлеміндегі атаулы әлеуметтік көмекке иеленіп, 69 мың теңге мүгедектік жәрдемақы алады. Бала-шағасымен жарықсыз, сусыз қоныста отырған отбасына жергілікті әкімдік пәтер жалға алып беріп жан-жақты көмек көрсетпек.

Аз уақыт бұрын Қайраттың отбасы 450 мың теңге несиеге жер телімін са-

тып алып, үй салуды бастаған. Бүгінде үйдің қабырғасы қаланып, шатырын жабу жұмысы ғана қалған болатын. Қарасу ауылдық округінің әкімі Асхат Өтепов пен аудан әкімшілігінен арнайы құрылған топ көп балалы отбасының жағдайын өз көзімен көрмекке барған еді. Ауыл әкімі жас отбасының өтініші бойынша отағасы Қайрат Пауеновқа жұмыс тауып беріп, баспананың құрылыс жұмыстарына материалдық көмек көрсетуге уәде етіп отыр.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЭКОНОМИКА



Бүгінге дейін
қазақстандықтар
3 триллион 600
миллард теңге
тұтынушылық не-
сие алды. Мұндай
мәліметті еліміздің
Ұлттық банкі жария-
лады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ БЕРЕШЕГІ ҚАНША?

Несиенің бұл түрі бойынша қай өңір тұрғындарының банкке берешегі көп? Ұлттық банктің жариялаған ақпаратына қарағанда қарыз алудан алматылықтар алда келеді. Ал жалпы биылғы алты айда отандастарымыз қаржы орталықтарынан 350 миллиард теңге қарыз алған. Қазақстандықтардың қаржы орталықтарына берешегі артып келеді. Бүгінге дейін банктерден тек тұтынушылық бағытта алынған қарыздың өзі 3 триллион 600 миллиард теңгені құрады. Несиеге тұрмыстық тауар мен өзге де мүлік алу бойынша алматылықтар көш бастап тұр. Шаһар

тұрғындарының банктерге берешегі 1 триллион 400 миллиард теңгеден асады. Ал елордалықтардың қарызы оған қарағанда 4,5 есе аз. 236 миллиард теңгеге мүлік алған қарағандылықтар үштікті түйіндеді. Сондай-ақ Түркістан облысы мен солтүтікқазақстандықтардың тұтынушылық несиеге берешегі ең аз өңір екені мәлім болды. Айта кетейік, Үкімет бүгіннен бастап тұтынушылық бағыттағы несиенің өсімі мен айыппұлдарын кешірді. Ал 5 қыркүйекте әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың 300 мың теңгеге дейінгі қарыздарын жабуға уәде еткен болатын.

24.kz

АПАТ

СІБІРДЕН ЖЕТКЕН ТҮТІН

Сібірдегі орман өртінің түтіні еліміздің батыс пен оңтүстік аймақтарына таралуда. Тіпті, Солтүстік және Шығыс Қазақстан, Алматы облыстары мен Нұр-Сұлтан қаласына дейін жетті.

шығыс бағыттан секундына 6 метрге жететін баяу жел соғып тұр.

Сібірдің барлық аумағын бір аптадан бері қою түтін басқан. Ресей билігі өрттен ешқандай қауіп жоқтығын айтып, ормандарды сөндірудің экономикалық тұрғыдан тиімсіз әрі техникалық жағынан күрделі екенін

алға тартып отыр.

Краснояр өлкесінде өртке байланысты Кемеровте «қара аспан» режимі енгізілді. Аймақта түтінге байланысты жол көрінбей

қалған.

Новосібір облысында Төтенше жағдайлар министрлігіне Краснояр өлкесінде өртті ауыздықтау керектігін айтып, 700 адам шағым түсірген.

Түтін Ресейдің Новосібір, Томск облыстары мен Хакасия Республикасына да тарап жатыр.

Д. ӘМІР



Естеріңізге сала кетсек, Краснояр өлкесінде 22 шілде күні басталған өрт үш миллион жерді шарпыған. Салдарынан ауа айтарлықтай ластанып, жоғарыда аталған еліміздің өңірлерінде оңтүстік-

ПРОФИЛАКТИКА КОРРУПЦИОННЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ - ЗАЛОГ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

В ЦЕЛЯХ ПРОФИЛАКТИКИ КОРРУПЦИОННЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ В ВОИНСКОЙ СРЕДЕ, СОТРУДНИКАМИ ОТДЕЛА ВОЕННОЙ ПОЛИЦИИ ТАЛДЫКОРГАНСКОГО ГАРНИЗОНА В КУРИРУЕМЫХ ВОИНСКИХ ЧАСТЯХ ПРОВЕДЕНЫ ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ МЕРОПРИЯТИЯ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ВЫШЕУКАЗАННЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ.

В ходе данных мероприятий проведены анонимные анкетирования и доведены статьи Уголовного и Административного кодексов Республики Казахстан, предусмотренные за совершение коррупционных правонарушений и



возникающие последствия для лиц, совершивших данные правонарушения. Также военнослужащим всех категорий доведены факты осуждения должностных лиц военными судами за совер-

шения коррупционных правонарушений, разъяснено действующее законодательство о противодействии коррупции, телефоны доверия должностных лиц органов военной полиции.

В настоящее время проводится профилактическая работа с лицами, поступающими в военные учебные заведения и на военные кафедры высших учебных заведений, с целью профи-

лактики и пресечения коррупционных правонарушений при их зачислении.

Таким образом, системная и последовательная работа, проводимая сотрудниками Отдела военной полиции Талдыкорганского гарнизона совместно с командованием воинских частей вносит ощутимый вклад в поддержание законности и правопорядка в обслуживаемом гарнизоне.

Ю. СКОРЫХ,
Старший офицер по противодействию Коррупции
Отдела военной полиции
Талдыкорганского гарнизона

АКЦИЯ «БІРГЕ ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

В ЦЕЛЯХ ИСПОЛНЕНИЯ ПОРУЧЕНИЯ МИНИСТРА ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В РАМКАХ АКЦИИ «БІРГЕ ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» СОТРУДНИКИ АЛМАТИНСКОГО ФИЛИАЛА РЕСПУБЛИКАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ «КАЗВОДХОЗ» ПРИНЯЛИ АКТИВНО УЧАСТИЕ В ДАННОЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ЭСТАФЕТЕ.



Целью масштабной акции является привлечение внимания, как можно большего количества людей к проблеме загрязнения нашей природы и наших водоемов.

В поддержке акции всего по филиалу задействованы 9 ед. спецтехники и 350 человек в разрезе производственных участков по следующим районам Аксуский, Алакольский, Каратальский, Ескельдинский, Коксуский, Панфиловский, Уйгурский и города Талдыкорган. Участники акции постарались внести свою лепту в таком важном деле. Проведена очистка от мусора прибрежной зоны водохранилищ, гидроузлов, корчевка кустарников, побелка деревьев, посадка саженцев и другие работы.



На балансе филиала имеется 15 ед. гидроузлов и плотин, 9 ед. водохранилищ, более 4423 км оросительных сетей. Экологическая эстафета проведена непосредственно на территории водохозяйственных сооружений расположенных в 7 районах Талдыкорганского региона.

Кроме того, сотрудниками административно - управленческого персонала в количестве 48 человек проведена очистка от мусора прибрежной зоны водохранилищ «Алмалы» и «Ащыбулак» расположенные на территории города Талдыкорган.



НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПОЧТОВЫЙ ОПЕРАТОР ПРЕДСТАВИЛ НОВУЮ ПЛАТЕЖНУЮ КАРТУ ДЛЯ ИНТЕРНЕТ-ПОКУПОК.

ДЕЛАЙТЕ ПОКУПКИ С E-COMMERCE CARD И ПОЛУЧАЙТЕ ПОДАРКИ ОТ KAZPOST



Карта E-commerce привязана к трем счетам в разной валюте и позволяет оплачивать товары в зарубежных магазинах без конвертации. Кроме того, без комиссии можно будет оплачивать различные счета (коммунальные услуги, налоги/платежи в бюджет, сотовая связь), а также получать бонусы за покупки в интернет-магазинах.


«При оплате картой E-commerce услуг на Post.kz, а также товаров в интернете у партнеров Казпочты, наши клиенты получают бонусы. Размер бонуса составляет 50 тенге за одну операцию. Начисление бонусов осуществ-

ляется на отдельный бонусный счет клиента. Их можно использовать как при последующих оплатах на Post.kz, так и в отделениях Казпочты», — отметил Танжарбек Айбол, заместитель директора по бизнесу Алматинского областного филиала АО «Казпочта».

Среди преимуществ карты также кэшбэк 1% от суммы любой безналичной покупки, совершенной в сети банков второго уровня, бесплатное снятие и пополнение карточного счета через терминалы Казпочты, бесплатный выпуск карты и доставка ее на дом.

В КАЗАХСТАНЕ СТАЛО ВОЗМОЖНЫМ ПОДПИСЫВАТЬ ДОКУМЕНТЫ ОНЛАЙН

Первым онлайн-подписанным документом стало Соглашение об интеграции информационных систем Национального удостоверяющего центра и Альфа-Банка. Особенностью процедуры стало то, что вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК Аблайхан Оспанов, Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Асет Турысов и Председатель Правления АО ДБ «Альфа-Банк» Алина Аникина свои электронные подписи в документе поставили удаленно благодаря новой платформе «ezSigner».



Такая интеграция позволит обеспечить идентификацию физического и юридического лица посредством интернет или мобильного банкинга, без посещения ЦОНа. То есть, если у человека нет ЭЦП, но он клиент Альфа-Банка, то он сможет оформить заявку на получение регистрационных свидетельств в личном кабинете этого банка.

Отметим, что новый

сервис «ezSigner», разработан специалистами АО «НИТ». Воспользоваться им может каждый, кому необходимо подписать или проверить электронный документ. Для этого потребуются электронная цифровая подпись и программное обеспечение NCALayer.

Сервис «ezSigner» использует сертифицированные средства криптографической защиты информации и работает в режиме защищенного соединения. «ezSigner» не хранит и не передает подписанные и проверяемые электронные документы,



а также ключи и регистрационные свидетельства пользователя. Процесс подписания происходит непосредственно на клиентской стороне. По словам разработчиков, данный сервис будет удобен для адвокатов, нотариусов и всех остальных граж-

дан, кто часто взаимодействует с большим количеством документов.

Подробнее ознакомиться с работой сервиса можно на главной странице «ezSigner» по адресу: (https://ezsigner.kz/#/main).

СЕНБІЛІК

«BIRGE.TAZAQAZAQSTAN»

ЖЕТІСУДА

СЕНБІЛІК – БҰЛ ҰЖЫМДЫҚ РУХТЫ, БІРЕГЕЙЛІКТІ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЛИМАТТЫ КӨТЕРЕТІН КЕРЕМЕТ ӘДІС. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ТҰРҒЫНДАР АРАСЫНДА ЖҰМЫСТАН ТЫС ӨНГІМЕЛЕСУМЕН БІР-БІРІН ЖАҚЫН ТАНУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. БҰРЫННАН БЕЛГІЛІ, ОРТАҚ МҮДДЕ ҮШІН БІРЛЕСІП ЖАСАҒАН ЕҢБЕКТЕЙ ЕШ НӘРСЕ АДАМДАРДЫ БІРІКТІРЕ АЛМАЙДЫ. ОСЫ ҰСТАНЫММЕН ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК ӨТТІ.



«Birge.TazaQazaqstan» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылған тазалық шарасына облыс және қала басшылары бастаған мемлекеттік қызметкерлер, қала тұрғындары қатысты.

Айтулы шарада сөз алған Талдықорған қаласының әкімі Ғалымжан Әбдірайымов:

–Құрметті қала тұрғындары! Өздеріңізге белгілі экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевтің бас-тамасымен бұл акция ел көлемінде ұйымдастырылып отыр. Осы орайда Алматы облысы Талдықорған қаласының жұртшылығы да белсенділік танытуда. Сенбілікке келіп, қолдау көрсеткендеріңізге көп рахмет! Біз тазалыққа ерекше көңіл бөлу арқылы өскелең ұрпаққа үлгі көрсетеміз. Сондықтан да бұл шара алдағы уақытта жалғасын табады деп ойлаймын, - деді.

Жалпы, тазалық шарасына 3 мыңға жуық адам қатысты. Жұмысқа 900 дана шаруашылық құрал жабдығы және 13 техника жұмылдырылды. Қатысушылар

өз жұмыстарын тиянақты орындап, қаламыздың тазалығына баса назар аударғандай. Өйткені, сенбілікке қатысқандардың көбі еріктілер. Солардың бірі Нұрбол Мұратбек. Оның айтуынша қаланың таза болуына әр адам өзінше үлес қосуы қажет.

– Талдықорғанда менің туған-туыстарым, достарым тұрады. Сол себепті қаламыздың таза болғаны, әдемі болғаны өте маңызды. Бүгінгі жалпысенбілікке өз еркіммен келіп, қатысудамын. Осыған дейін де тұрғын үйлер алдында, қала көшелерінде болатын сенбілік шараларына қалмай қатысып келемін. Үлкен кісілердің алғысын алып қайтамын. Жақсы сөздер адамды алға жетелейлігі ғой, – дейді ол.

Сенбілікке келгендер Талдықорған қаласының аумағында орналасқан Қаратал, Балықты өзендерінің жағалауларын, орталық бассейн, Жеңіс, Ардагерлер саябақтарына және қала көшелеріне тазалық жұмыстарын жүргізді.

Бұған дейін қалада оннан астам сенбілік өткізіліп,

тазалық айлығы жүргізілген. Қала және жалпы өңір бойынша барлық мемлекеттік мекемелер, коммуналдық кәсіпорындар, білім беру саласы, кооперативтерді қосқанда 3 мыңнан астам адам атсалысып, 26 техника жұмылдырылды. Көше бойлары, ғимарат аумақтары, қала жағажайлары маңынан 50 тонна қоқыс қалдықтары шығарылды.

Тазалық акциясына Сарқан ауданы бойынша 1500-ге жуық адам атсалысты. Сарқан, Басқан өзендерінің айналасын тазалауға 800-ге жуық адам қатысты. «Жоңғар Алатауы» МҰТП бас директоры Марат Қабиевтің айтуынша сенбілік аясында өзендердің арнасы, туристік маршруттар, далалы аймақ пен табиғи орындар тазаланған.

– «Біз өз тарапымыздан трактор, қоқыс қаптарын бөлдік. Жалпы Сарқан қаласында, Тополевка, Лепсі ауылдарында игілікті шара көпшіліктің қатысуымен өтті», - дейді Марат Қабиев.

Сарқан қаласында Қарақуыс шатқалынан «Жетісу газ» аумағына дейін, су-электр стансысының және бассейннің айналасы, өзен жағалауында

орналасқан үш демалыс орны, жаңа көпірден Молалы көпіріне дейінгі аумақ толығымен күл-қоқыстан тазартылды.

«Қаладағы барлық мекеме, кәсіпорын қызметкерлері, шаруа қожалықтары, жеке кәсіпкерлер және «Жоңғар Алатауы» ұлттық-табиғи паркінің ұжымы бір адамдай қатысты. Бір күнде 12 шақырым өзен жағалауын қоқыстан арылтып, 16 тонна құрылыс қалдықтарын шығардық», -

дейді қала басшысы Амантай Мұқанұлы.

Айта кету керек, акция аясында Лепсі, Теректі өзендерінің, Балқаш көлінің жағалаулары тұрмыстық қалдықтардан тазартылды. Сонымен қатар, 30 шақырым су арнасы жағалауы, 50 шақырым



автомобиль жолдары қуранды шөптерден аршылып, 30 техника жұмылдырылды. Сенбілікте арнайы орындарға аудан бойынша 24 тонна қоқыс шығарылды.

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ

«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерге барамыз»- деп оқу жылы аяқталысымен мектеп оқушылары жазғы демалысын мәнді өткізуге тырысады. Биыл да Ескелді ауданы әкімдігінің ұйытқы болуымен Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп гимназиясында 21 шілде мен 31 шілде аралығында жазғы демалыс лагері жұмыс істеді.

Жазғы сауықтыру лагері – оқушылар үшін ең пайдалы әрі тиімді демалыс орындарының бірі. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, балалардың танымдық деңгейін арттыратын шара жаз мезгілінде 10 күн бойы жалғасады. Мектеп мұғалімдері оқушыларға алаңсыз балалық сыйлауға, жазғы демалысын мазмұнды өткізуіне атсалысады. Сол лагерге барып, балалардың жазғы демалысы қалай өтіп жатқандығын көріп қайтқан



КӨҢІЛДІ ӨТКЕН КАНИКУЛ

едік.

350 балаға арналған жазғы сауықтыру лагерінде оқушылар өте көңілді. Демалыстарын қызықты әрі пайдалы өткізіп жатқандарына өздері де қуанып жүр. Олай дейтініміз, балалармен өткізілген түрлі іс-шараларда оқушылар белсенді қатысып, өздерінің білімдерін де сынады. 2 «а» сыныбын аяқтаған Ақеділ Серікұлының айтуынша биылғы

жазғы демалысы ұмытылмастай өткен. «Мен осы лагерге қалғанымға өте қуаныштымын. Бізбен күнде неше түрлі ойындар ойнатылады. Көптеген дос таптым. Бәріміз бірге ойнаймыз. Апайларымыз да өте жақсы кісілер. Бізге білімімізді тексеретін, қызықты ойындарды ойнатып, қызықты оқиғалар да айтып береді. Он күн өте тез өтіп кетті. Бізге

жетекшілік еткен өз сынып жетекшісі Нұржамал апай болды. Ол кісі бізге көптеген қызықты сәт сыйлады. Мектепке жақсы дайындық пен жақсы көңіл күйде баратын болдық. Осы демалысым ұмытылмайтындай болды», - дейді.

Лагерь меңгерушісі Камила Бекемированың бастамасымен көптеген басқа да шаралар өтіпті. Балаларға тәрбиешілік

етіп жүрген Нұржамал Сапарәліқызы оқушыларға бауыр басып, барлығы бір үйдің балаларындай болып кеткенін жеткізді.

–«Төрт ұстаз тәрбиелік етеміз. Оқушылардың қуанышын көріп, өз баламыз қуанғандай біз де мәз боламыз. Себебі, балалар өте шынайы. Олар адамды алдау, өтірік дегенді біле бермейді. Сол үшін де олармен жұмыс жасаған ұнайды. Әрине өзінше қиындықтары бар. Дегенмен, барлығымыз бірігіп, ойын ойнағанда, жарыстар ұйымдастырғанда өте көңілді болады. Мектеп жанынан құрылған лагерлердің пайдалы жағы өте көп», - дейді білікті ұстаз.

Балалардың қуанышынан асқан бақыт жоқ шығар? Осындай жазғы демалысты көңілді де пайдалы өткізетін лагерлер өз жұмыстарын жыл сайын жандандырып отырады деген сенімдеміз.

Г. БЕКСАУЫТҚЫЗЫ.

ТҮРМЕДЕ АЗАПТАУ ТИЫЛМАЙ ТҰР...

ТҮРМЕГЕ ҚАЙЫР ЖЕТІСКЕН АДАМ ТҮСЕДІ ДЕЙСІҢ. БҰЛ ДА ТАҒДЫРДЫҢ ТӨЛКЕГІ. ЖАЗА БАСЫП, ЖАЗЫП-ЖАҢЫЛҒАНДАР, НАҚАҚТАН-НАҚАҚ ЖАЛА ЖАБЫЛҒАНДАР, ҚАСАҚАНА ҚЫЛМЫС ЖАСАП, БОЛМАСА, МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫН ЖЫМҚЫРҒАНДАР, АЛАЯҚТАР, ҰРЫ-ҚАРЫЛАР, ПЕДОФИЛЬДЕР, РЕКВИДИСТЕР, АБАЙ-СЫЗДА АДАМ ӨЛТІРІП АЛҒАНДАР, ҚЫСҚАСЫ ТҮРМЕДЕ КІМ ЖОҚ, БӘРІ БАР.



Небір ғұлама оқымысты да осы арадан табылады. Мұны тағдырдың мандайға жазуы десе де болады. Абақтының дәм-тұзы бұйырып, кесілген мерзімдерін өтеп жатқандарға кейде аяушылықпен қарайсың. Алайда, түрменің жазылмаған өз заңы, өз тәртібі бар. Оны жұрттың бәрі біледі. Тіпті уақытша ұстау изоляторында, сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізіліп екі-үш ай отырып шыққандар да, абақтының ішкі тәртібі зектердің ұстанымы жайлы түрлі әңгімелер айтады. Өзім де Мұқадес Балажановтың «Түрмедегі тағдыр» атты кітабын оқып шыққаным бар, бұл болған оқиға ізімен жазылған. Жиырма бес жыл абақтының азабымен тозағын көрген азамат туралы жазылған. Ауған соғысын көрген, вахталық жұмыста жүргенде бір топ жігіт қыз баланы зорлап жәбір көрсеткендерге жалғыз өзі күш қолданып, әлгілер бір мықты дөкейлердің балалары болып шығып, қызға арашашы болған азамат жазықты болып, жеті жыл түрмеге тоғытылады. Ары қарай түрме заңына мойынсұнбай оның үстіне түрмеге тоғытқан әлгі қыз зорлағыш жігіттердің (дөкейлердің) қысымына төтеп берем деп түрмеде қылмыс үстіне қылмыс жамалып, 25 жылын темір торда өткізеді. Бұл бір сұмдық оқиға, түрмедегі «общак», «пахан» қазіргі түрменің тілімен айтқанда, смотрящилармен қарым-қатынасы және түрменің тәртібін қадағалайтын ішкі әскер қызметкерлерінің зорлық-зомбылығын көрген азаматтың тартқан тауқыметін адам түгіл иттің басына бермесе екен деп тілейсің кітапты оқып отырып.

Бұл түрменің ішіне түспесем де шет-жағасын көрдім. Бір жақын туысым сонау 1998 жылдары қарақшылықпен айналысып бір топ жолдасымен ұзақ мерзімді арқалап, түрмеге тоғытылды. Темір торда да тыныш отырмады. «Заречный», «Жалғызтөбе», «Долин-ка» «Қарағанды изоляторы» «Павло-

дар», «Қаражал» дейсің бе, қысқасы қазақстанның барлық түрмесін шарлап шықты. Сол туысымды жоқтап мен

келсін» деген тілдей хат аласың, қарнын тіліп тастапты, жағдайы нашар екен деген соң қуғыншы құсап артынан шабасың. Өліп-талып барған жеріндегі абақтының басшыларын жағалап, кездесуге де кірдім. Қолымен ішін басып бүктетіліп тұрып: «Біз қайда барсақ та таксиіміз дайын, күтіп алып, жатқызып алып келеді», - деп жарылған қарнын қолымен басып тұрып, ыржиятын. Күйіп кеткен соң: «Тыныш отырмайсың ба? Өзіңді де бізді де шаршаттың ғой» десек: «Енді шегінер жол жоқ. Басы қалай болды, аяғы да солай болады», - дейтін басбұзар он бір жыл отырып шықты ғой. Міне, сол түрме туралы ақпарат құралдары тағы шуылдауда. Сол баяғы сотталғандарға түрме әкімшілігі қысым көрсетіп жатыр деп сотталғандарды азаптаған түрме күзетшілерінің аудио-сын интернетке салып жіберіпті. Қазір ешкімнен ештеңе жасыра алмайсың. Жеті қабат жердің астындағы оқиғаны да, жарыққа интернет шығарады. Сол жазаға тартылған сотталушылардың да кінәсі қаншалықты екенін бір Құдай ғана біледі. Әгарәки себепсізден себепсіз сабап, жәбір көрсетсе түрме

тараған екі видео да форма ки-ген әскери қызметкерлер бір адам-ды іліп қойып, бірі ер адамның ба-сынан теуіп жатқанын анық көруге болады. Комиссия құрамы тексеріс барысында қырыққа жуық видео тапқандарын айтуда. «Қорқыт деген-ге осылай қорқытасың ба?» - деген-дей тәртіп орнатқысы келген түрме әкімшілігі адам құқығын аяққа таптап, қылмыскерлерді азаптауға жол берсе, оның да қылмыскерден қай жері артық? Заңгер заң аясында жауапқа тартуы тиіс емес пе?! Ал, олар өз қызметтерін асыра пайдаланып, колония әкімшілігі тұтқындарды ұстау режимін бұзған. Әрине, қылмыскерлерді жақтағандық емес, олардың қандай кінәсі барын тексере барған комиссия анықтай жа-тар. Бірақ, жауапкершілікке тартылған 14 адамның «оның ішінде 7-еуі осы мекеменің орынбасарлары қызметтен қуылды және 155/8 соттау мекемесінің бастығы орнынан босады. Сонымен қатар, қылмыстық атқару жүйесі Алма-ты қалалық департаменті басшысына қатаң, яғни, тәртіптік жауапкершілікке тартылды», - деді ішкі істер министрінің



де қай түрмеге барса, артынан сол түрмеге барып жүрдім. Тіпті сол үшін түрме басшыларымен тіл табысып, түрмедегілерге концерт те қойдық-ау. Ол басбұзар да тыныш отырмай қарнын тілгілеп, көрсетпегенді көрсетті. «Мені ұрып-соғып жатыр, өлтіретін болды, тез келіндер», - деп қасындағы бірге отырған жора-жолдастарынан ха-бар жібертеді. Алып ұшып мен де ол отырған түрмеге барам. «Тергеу изоля-торына алып кетті», - дейді. Шапқылап онда барасың көрсетпейді. Түрмені жағалап сымсыз телефонмен бай-ланыс іздейсің. Шаршап-шалдығып жүргенінде «басқа зонаға кетті» - дегенді естисің. «Артымнан қалмасын,

әкімшілігін де соттау керек. Бұл оқиға Қапшағай қаласындағы «Заречный» ЛА 155-те 2 мекемесінде болған. Осы шулы оқиғаға байланысты Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғынбаевтың же-дел түрде арнайы комиссия құрып, қылмыскерлерді қинағаны үшін, ішкі тергеу жүргізіліп, нәтижесінде тәртіптік комиссия отырысы өткен. Осы фактілер бойынша қылмыстық іс қозғалды. «Іс Алматы облыстық прокуратурасының құзыретінде», - дейді КУИС төрғағасының бірінші орынбасары Теңізжан Жәнібеков.

Түрме қылмыскерлерді азап-тау мекемесі емес, керісінше түзеу мекемесі. Алайда, You tube желісіне

кеңесшісі әрі ресми өкілі Нұрділда Ораз. Бұл оқиға қылмыстық атқару жүйесіндегі жүгенсіз кеткен масқара әрекет деуге болады. Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғынбаевтың: «Алдағы екі тәулікте сот арқылы бұлтартпау шарасы қолданылады» деп ойлаймын деуі шектен шығып кеткен түрмедегі заңсыздықтармен күресудің кезеңі келгенінің айғағы. Жауғаштағы жынысын ауыстырған жігітке жасалған зорлық та түрмеде болды. Осының бәрі абақтыдағы адам құқының аяққа тапта-лып жатқанын көрсетеді.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 5 тамыз

 ҚАЗАҚСТАН	 КТК
06.05, 14.10 «Konil tolqyny» 06.25 «Мәселе» 07.00 «ТАҢШОЛПАН» 09.30 «Қарақшы мен капитан» 10.00 «Қызық екен» 10.50, 18.10 Телехикая «Қайран күндер» 12.35 X/ф «Ай жүзін бұлт басқанда» 15.00, 21.30 Т/х «Гүлпері» 16.00, 01.40 «Shanyraq» 17.00, 20.00, 01.10, 03.35 AQPAPAT 17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге» 20.30 Т/х «Сүйе білсең» 23.20 Т/х «Құбылай хан» 00.10 «Әзілмен» 02.30 «Qareket» 03.25 «100 бизнес бастауы»	07.05 «КТК» қоржынынан» ойын-сауық 07.20 Т/х «Женнеттің көз жасы» 08.40 Т/х «Қайсар жесір» 09.30 «Юрмала» 10.30 X/ф «Все к лучшему-2» 14.30 X/ф «Путешествие к центру души» 16.30 Т/х «Аталар сөзі» 17.10 Мерекелік концерт 18.00 «Сүйікті Дениз-2» 19.30 Кешкі жаңалықтар 20.00 «Астарлы ақиқат» 21.00 Вечерние новости 21.30 «Личность не установлена» 23.30 X/ф «Плакучая Ива» 01.10 «Аталар сөзі» 01.50 Т/х «Женнеттің көз жасы» 03.00 «Әйел қырық шырақты» 03.40-04.30 «КТК» қоржынынан» ойын-сауық

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 «Қызық times»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 М/с
09.00, 13.00 Новости
10.10 Мегахит
12.10 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
13.10 Т/с «Забудь и вспомни»
14.50 Телехикая «Өз үйім-2»
15.50,00.00 Т/х «Ақылдың кілті»
17.30 «Менің тағдырым»
18.00, 23.10 Т/х «Жұмбақ жандар»
18.45 Т/х «Аға»
19.30 Т/х «Бәсеке-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Зерде»
21.00 Итоги дня
21.30 «Жеті ән»
22.20 Сериал «Время»
01.40 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «KazNet»
07.50, 14.20 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00 Т/с «След»
12.00 X/ф «Замуж в 30»
15.00 Үздік әндер
16.00 Т/х «Қорғансыз»
17.00 «Ел аузында»
18.00, 00.30 Т/х «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости «20.30»
21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе»
23.30 «Бір туған»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.10 «Тамада Баттл»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле Чудес»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Т/с «Двое против смерти»
16.55 «Пусть говорят»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45, 02.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Ментовские Войны-7»
22.00, 02.00 «П@УТИНА»
00.45 «Научи меня жить»

 ҚАЗАҚСТАН	 КТК
06.05, 14.00 «Konil tolqyny» 06.30, 17.00, 20.00, 00.10, 02.35 AQPAPAT 07.00 «ТАҢШОЛПАН» 09.30 «Қарақшы мен капитан» 10.00 «Қызық екен» 10.50, 18.10 Телехикая «Қайран күндер» 12.35 «Қайсар» деректі фильм 13.00 Т/х «Парыз» 15.00, 21.30 Т/х «Гүлпері» 16.00, 01.40 «Shanyraq» 17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге» 20.30Т/х «Сүйе білсең» 23.20 Т/х «Құбылай хан» 00.10 «Әзіл MAN» 02.30 «Qareket» 03.25 «Жан жылуы»	06.05, 14.00 «Konil tolqyny» 06.30, 17.00, 20.00, 00.10, 02.35 AQPAPAT 07.00 «ТАҢШОЛПАН» 09.30 «Қарақшы мен капитан» 10.00 «Қызық екен» 10.50, 18.10 Телехикая «Қайран күндер» 12.35 «Қайсар» деректі фильм 13.00 Т/х «Парыз» 15.00, 21.30 Т/х «Гүлпері» 16.00, 01.40 «Shanyraq» 17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге» 20.30Т/х «Сүйе білсең» 23.20 Т/х «Құбылай хан» 00.10 «Әзіл MAN» 02.30 «Qareket» 03.25 «Жан жылуы»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық»
09.00 Апта /қаз/
09.50 Ән әлемі
10.00 Апта (рус)
10.50 Спорт тайм
11.15 Д.ф. «Тест на выживание»
12.00 Қазақ әні
12.50 К/ф «Қош бол Гүлсара»
14.20 «Тарихқа тағзым»
жыршылар байқауы 1 бөлім
16.05 Д.ф «Секреты раскрываются»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
19.00 Ғибратты қазына
19.55 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Елес қыз»
22.35 Программа «Разрушение мифов»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

Программа «31 канала» отсутствует в связи с ее несвоевременным представлением

7 КАНАЛ

06.00,13.40 Т/х «Жаңа Келін»
06.50, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»
08.50 М/ф
10.00 М/ф
11.50 Q-елі
12.30, 03.45 Т/ф «Жазмыш»
14.40 X/ф «Отпетые напарники»
16.50 X/ф «Сердце из стали»
21.00 Лотерея 777
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»
00.20 X/ф «Добро пожаловать в рай»
02.30 «KZландия»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

Сейсенбі - Вторник, 6 тамыз

 ҚАЗАҚСТАН	 КТК
23.00 Т/с «Ментовские Войны-8» 00.45«Научи меня жить»	07.05 Кешкі жаңалықтар 07.30 Т/х «Женнеттің көз жасы» 08.50 Т/х «Қайсар жесір» 10.00 Новости 10.30, 21.30 «Личность не установлена» 12.30, 23.30 X/ф «Плакучая Ива» 14.30 X/ф «Путешествие к центру души» 16.30 Т/х «Аталар сөзі» 17.10 Мерекелік концерт 18.00 «Сүйікті Дениз-2» 19.30 Кешкі жаңалықтар 20.00 «Астарлы ақиқат» 21.00 Вечерние новости 01.10 «Аталар сөзі» 01.50Т/х «Женнеттің көз жасы» 03.00 «Әйел қырық шырақты» 03.40-04.30 «КТК қоржынынан»

ХАБАР

06.00, 02.00 «Тамаша»
07.00 «Қызық times»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, М/с «Болт и Блип»
09.00, 13.00 Новости
09.10 М/ф «Юху и его друзья»
10.15 «Хабарлайн»
10.45, 18.45 Т/х «Аға»
11.30, 19.30 Т/х «Бәсеке-2»
12.10 «Тайны. Судьбы. Имена»
13.10 Т/с «Забудь и вспомни»
14.50Т/с «Шашу»
15.50, 00.00 «Ақылдың кілті»
17.30 «Менің тағдырым»
18.00 Т/х «Жұмбақ жандар»
20.00Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Зерде»
21.00 Итоги дня
21.30 «Жеті ән»
22.20 Сериал «Время»
01.40 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «KazHET»
07.50, 13.30 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «След»
14.30 «MoneyTime»
14.45 «ТенгеманияNEXT»
15.00 «Үздік әндер»
16.00 Т/х «Қорғансыз»
17.00 «Ел аузында»
18.00, 00.30 Т/х «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости «20.30»
21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе»
23.30 «Бір туған»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «Той базар»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 Телеканал «Доброе утро»
11.00 Сериал «Когда прошлое впереди»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Т/с «Двое против смерти»
16.55 «Пусть говорят»
18.45 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45 Т/с «Ментовские Войны-8»
22.00, 02.00 «П@УТИНА»

Сәрсенбі - Среда, 7 тамыз

 ҚАЗАҚСТАН	 КТК
06.05, 14.00 «Көңіл толқыны» 06.30, 17.00, 20.00, 00.10, 02.35 AQPAPAT 07.00 «Таңшолпан» 09.30 М/х «Қарақшы мен Капитан» 10.00 «Qyzyq eken...» 10.50, 18.10Т/х «Қайран күндер» 12.35 «Тұлға» 13.00 Т/х «Парыз» 15.00, 21.30 Телехикая «Гүлпері» 16.00, 01.40«SHANYRAQ» 17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге» 20.30 «Сүйе білсең» 23.20 Т/х «Құбылай хан» 00.10 «Әзілман» 02.35 «100 бизнестің бастауы» 02.45 «Қарекет»	07.05 Кешкі жаңалықтар 07.30, 01.50 «Женнеттің көз жасы» 08.50 «Қайсар жесір» 10.00 Новости 10.30, 21.30 «Личность не установлена» 12.30 X/ф «Плакучая ива» 14.30 X/ф «Путешествие к центру души» 16.30,01.10 «Аталар сөзі» 17.10 Мерекелік концерт 18.00 Т/х«Сүйікті Дениз-2» 19.30 Кешкі Жаңалықтар 20.00 «Астарлы ақиқат» 21.00 Вечерние новости 23.30 X/ф «Модель счастливой жизни» 03.00 «Әйел қырық шырақты» 03.40-04.30 «КТК қоржынынан» ойын-сауық

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 «Қызық таймс»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 М/ф
09.00, 13.00 Новости
10.15 «Хабарлайн»
10.45, 18.45 Т/х «Аға»
11.30, 19.30 Телехикая «Бәсеке-2»
12.10 «Важно знать»
12.30 «Алтын бесік»
13.10 Сериал
14.50Т/х «Шашу»
15.50, 00.00 Т/х «Ақылдың кілті»
17.30 «Сені іздедім»
18.00, 23.10Т/х «Жұмбақ жандар»
20.00Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Зерде»
21.00 Итоги дня
21.30 «Жеті ән»
22.20 Т/с «Время»
01.25 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «KazNet»
07.50, 13.30 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «След»
14.30 «MoneyTime»
14.45 «ТенгеманияNEXT»
15.00 «Ел аузында»
16.00 Т/х «Қорғансыз»
17.00 «Үздік әндер»
18.00, 00.30 Т/х «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости «20.30»
21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе»
23.30 Т/х «Бір туған»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «Той базар»
07.10 «Басты жаңалықтар»
08.00 Доброе утро
11.00 Сериал
12.00 «Қалаулым»
15.00 Сериал
16.55«Пусть говорят»
18.00 Басты жаңалықтар
18.45, 02.45 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Ментовские Войны-8»
22.00, 02.00«П@УТИНА»
00.45 Кино

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Телесериал «Арнайы өкілдер»
10.45 Тарих парақтары
11.00 Телесериал «Елес қыз»
11.35 Д/ф «Жоңғар бақабасы»
12.00 Шашу
13.00 «Оқырман» әдеби клубы
13.50 Д/ф «Археология жұмбақтары»
14.20 Қ.Нұртастың концерті
16.20 Д/Ф Животные лекари «Аутизм»
16.45 Д/ф «Уроки жизни»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Н.Жанпейісовтың концерті
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Елес қыз»
22.35 Д/ф «Алтай тауларының табиғаты»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

7 КАНАЛ

06.00, 13.50 Т/х «Жаңа келін»
06.0, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/с
10.20, 19.00 Сериал
12.50, 03.45 Т/х «Жазмыш»
15.00 Сериал «Принцесса с савера»
17.00 Т/с«Любовь с оружием»
18.00, 00.20 Т/с «Спецотряд. Кобра 11»
21.00
Лотерея777+Лотарея 6/49
23.10Т/х «Әкесінің баласы»
02.20 «KZландия»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

Утерянная печать ИП «Хамзин Р.С.» считать недействительной

ПОЙЫЗ БИЛЕТТЕРІ НЕГЕ ТАПШЫ?

ЖАЗ МАУСЫМЫ БАС-ТАЛЫСЫМЕН ПОЙЫЗ БИЛЕТТЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚИЫНҒА ТҮСЕДІ. БҰЛ ТІПТІ ЖЫЛ-ДА ҚАЙТАЛАНАТЫН ҮРДІСКЕ АЙНАЛДЫ. ОСЫ ОРАЙДА ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПОЙЫЗ БИЛЕТТЕРІНІҢ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАН ЖАСАУДЫ ТОҚТАТУ КЕРЕКТІГІН ҚАТАҢ ЕС-КЕРТКЕН БОЛАТЫН.



саны 500 мыңға жеткенін мақтана айтып жатты. Алайда, жаз ортасынан асқан тұста бұл көрсеткішті көңілге медет ете алмай отырғанымыз тағы бар. Оның себебі, әрине тағы да жол мәселесіне келіп тіреледі. Алакөлге әуе жолымен жету қолайлы болғанымен, қауіпсіздік мәселесін басты орынға қоятын тұрғындар саны басым екен. Ал, «жүрек жұтқан» жолаушылар авиа билеттердің аздығын алға тартып, налиды. Осы орайда «Жетісу» авиакомпаниясының директоры Қалтай Дөнсебаевпен тілдескенімізде билет тапшылығын жоққа шығарып, күніне 200 туристі күтіп алып, аттандыратынын жеткізді. «Күніне 4-5 рейс жасаймыз. Билет құны Талдықорған – Үшарал бағытында тұрақты – 6000 теңге. Ұшақта 19 орын бар» дейді Қ. Дөнсебаев.

Осының бәрін ескерсек, қарапайым жұрттың жалғыз жүгінері – теміржол. Десе де, «Сенген қойымыз» көңілге селкеу түсіріп, бір демалып сергімек болған туристердің көңілін су сепкендей басады. Жоғарыда атап айтқанымыздай, билет тапшылығы бұл жақта да байқалды.

Осы жайды ескерген президент «Үкіметке жаз мезгілінде пойыз билеттерінің тапшылығын қолдан жасауды тоқтату туралы тапсырма бердім. Бұл жағдай азаматтарымызға қолайсыздық туғызып, еліміздегі ішкі туризмнің дамуына кедергі келтіріп отыр», – деп өзінің twitter-дегі парақшасында жазған болатын. Президенттің айтып отырғаны да билет тапшылығын қолдан жасап отырған делдалдар екені жасырын емес. Жекелік темір жол кассалары

қалтасын қағудан аянар емес. Алыпсатарлардың салдарынан мұндай кедергі туса, осы ретте «Қазақстан темір жолы» акционерлік қоғамының да пәрменді шара қолданғаны қажет секілді.

Ал, өз кезегінде ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қоғаммен байланыс департаментінің директоры Арман Бердалин Нұр-Сұлтан қаласында өткен брифингте: *«Ресімделмеген және билетсіз жолаушыларды тасымалдау әрекеттерін анықтау жұмыстары жүргізілуде. 1 шілдеден бастап темір жол билеттерін сатып алу жүйесі өзгеріске енді. Бұл жүйе алыпсатарларға тосқауыл қояды. Әсіресе жазғы демалыс кезіндегі билет тапшылығын болдырмайды деген сенімдеміз»*, - деген болатын. Оның сөзінше жүйенің ең ұтымды тұсы – билетті жоғары бағамен сататын кассирлердің әрекетіне тосқауыл болады-мыс. Біздің де көңілге үміт ұялатар пікірді А. Бердалин осы жиында айтып қалған еді: *«Жаңа жүйенің арқасында енді әрбір жолаушы өзі қалаған орынды таңдап, билетке қол жеткізе алады. Бұрын бір адам 40 билетті сатып алып, аты-жөнін өзгертіп қайта сатуға мүмкіндігі болса, енді оған жол жоқ»*. Сенімді ақпарат көздерінің дерегіне сүйенсек, жыл басынан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет «Қазақстан темір жолы» АҚ және оған бағынысты ұйымдардың жұмысшыларына қатысты 29 сыбайлас жемқорлық қылмысты тіркеген. Күдікті ретінде 14 тұлға жауапқа тартылған.

Д. ӘМІР.

ЖАҢА АЙДАР: «ДӘУЛЕТТЕН КЕҢЕС»

«Кредит», «ипотека», құнды қағаздар, қор нарығы, акция, дивиденд, инвестиция. Бұл терминдер кім-кімді болсын қызықтырады сөзсіз. Алайда мұны кеңінен түсіндіре алатын тек қаржы саласының мамандары ғана. Бүгінде елімізде адамдарды қаржылай пирамидаға тартып, несие алып береміз деп сан соқтырып жүргендер қаншама? Осы жағдаяттарды ескере отырып, газетімізден қаржылай сауатты болу тұрғысындағы, баспана-лы болсам дегендердің, әлеуметтік көмекке зәру жандарға қажетті ақпараттарды, мұнымен қоса пайдалы кеңестерді жариялап отыруды жөн санадық. Көкейде жүрген көп сауалдың жауабын «ДӘУЛЕТТЕН КЕҢЕС» айдарынан оқи аласыздар. Яғни, экономика ғылымдарының магистрі, журналист Даулет МҰҚАЕВ қоғамдағы түйткілді мәселелер бойынша өз кеңесімен бөліседі.



ЖАҢА БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАҒДАРЫ

Алғашқы кеңес дәрігерлер мен мұғалімдерге баспана беретін арнайы бағдарлама тұсында өрбімек.

Қазақстан ипотекалық компаниясы, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және Білім және ғылым министрлігі арасында жалдамалы пәтер беру туралы келісімге қол қойылды. Жаңа тұрғын үй жобасы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында қолға алынып отыр. Және ол дәрігерлер мен мұғалімдерге арналған. Осы тұрғыда бүгінгі ҚИК-мен жасалатын келісім дәрігерлердің баспана мәселесін шешуге үлесін тигізеді деген ойдамыз. Осы келісімнің аясында 1,5 мың адам баспаналы болады, - деді ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов ОКҚ-де өткен баспасөз мәслихатында. Бағдарлама аясында алдағы 2-3 жыл ішінде 3 мың отбасы меншікті тұрғын үймен қамтамасыз етілетін болады. Парламент Сенатының төрайымы Дариға Назарбаеваның ұсынысы бойынша Қазақстанның ипотекалық компаниясы білім беру және денсаулық сақтау саласы қызметкерлері үшін тұрғын үйді ипотекалық несиелендіру бойынша арнайы бағдарлама әзірледі.

Сонымен білім саласындағы жандар мен медицина қызметкерлеріне берілетін баспананың шарттары мен азды-кемді ақпарат:

- Бағдарламаны жүзеге асырушы (Нұрлы жер) - Қазақстандық ипотекалық компания (ҚИК);
- 2 жыл ішінде 3000 жан баспаналы болады. (1500 мед, 1500 білім);
- 5 жыл атыңызда баспана болмау керек (отбасында);
- Баспана кезегінде болуыңыз керек, кезекте болсаңыз пропискаңыз да бар деген сөз; КЕЗЕКТЕ БОЛМАСАҢЫЗ, ҮЙ ДЕ ЖОҚ!
- Бастапқы жарнасыз, сатып алу құқығымен (Арендное жилье с выкупом);
- Жаңалықтарда 1% деп айтқандарымен, шын мәнінде ГЭСВ-мен 3%
- Төлем қабілеттілікті растайсыз, төлем жетпесе, созаёмщик (гарант адам) қоса аласыз;
- Бөлінген қаржы 40 млрд теңге!
- Нұр-Сұлтан мен Алматы қаласында шаршы метр бағасы 260000-нан, өзге аймақтарда 220000-нан аспайды;
тер үлгіні Франциядан алған. Балтық елдеріндегі тәжірибе Қазақстанда жеке сот орындаушылар институтын құруға біршама жақын болды. Үлкен бастаманы сол елдің білікті мамандары да қолдады. Болгария секілді бірнеше мемлекеттердің заңдарын да қарай отырып, келген мамандармен бірлесіп, отандық жеке сот орындаушылары туралы заң жобасы дүниеге келді.

Жеке сот орындаушылар институты сот орындаудың деңгейін, сот орындаушысы мамандығының беделін қосымша бюджеттік шығындарсыз едәуір көтеруге

септігін тигізеді.

Жеке сот орындаушылар институтын құруды Мемлекет басшысы 2005 жылы өткен судьялардың IV съезінде тапсырған болатын.

Қазіргі уақытта жеке сот орындаушылар институты әлемнің 65 мемлекетінде, мысалға атап өткен Франция, Белгия, Нидерланды, Италия, Греция секілді елдерде қалыптасқан. Еліміздің төрінен орын алған заң жеке сот орындаушылардың құқықтық мәртебесін, қоғамдық рөлін айғақтайды. Жалпы, осы саладағы заңнама жеке сот орындаушылардың өкілеттілігін

нығайтуға, жан-жақты қолдануға бағытталған.

Осыған сәйкес, мемлекеттік сот орындаушылардың өндірістері бірте-бірте жеке сот орындаушыларға берілсе, сот актілерінің нақты орындалуына және бұл тұрғыда азаматтардан түсетін шағымдар едәуір азаятыны сөзсіз.

Б. АКРЕМЖАНОВА,
Талдықорған гарнизоны
әскери прокуратурасының
аға прокуроры
әділет майоры

МАМАН МІНБЕРІ

ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 53 тарауы - қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастауға арналған.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың негіздері мыналар болып табылады:

- соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген, заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан жәбірленушінің немесе куәнің айғақтарының, сарапшының қорытындысының көрінуе жалғандығы, сол сияқты заттай дәлелдемелердің, тергеу және сот әрекеттері хаттамаларының және өзге де құжаттардың жалғандығы немесе аударманың көрінуе дұрыс жасалмауы;
- соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген, анықтаушының, тергеушінің немесе прокурордың заңсыз және негізсіз үкім, қаулы шығаруға әкеп соққан қылмыстық әрекеттері;
- соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген, судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық әрекеттері;

- Қылмыстық-процестік Кодекстің 502-бабында көзделген тәртіппен тексеру немесе тергеп-тексеру арқылы белгіленген және прокурордың қорытындысында баяндалған, үкім, ұйғарым шығару кезінде сотқа беймәлім болған, өздігінен немесе бұрын анықталған мән-жайлармен бірге сотталушы адамның кінәсіздігі туралы немесе оның ауырлық дәрежесі жөнінен өзі сотталғаннан гөрі өзге қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы не ақталған адамның немесе өзіне қатысты іс тоқтатылған адамның кінәлілігін айғақтайтын өзге де мән-жайлар;

- сот актісін шығару кезінде сот қолданған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің конституциялық емес деп тануы;

- Қылмыстық-процестік Кодекстің 71-тарауында көзделген тәртіппен тәркілеу үшін негіз болған қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықтан соттың заңды күшіне енген ақтау үкімі не қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының немесе құрамының болмауына байланысты қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы негізінде босату не істі мәні бойынша қараған соттың үкімінде мүлкті тәркілеуді ішінара немесе толық қолданбау;

- өзіне қатысты іс Қылмыстық-процестік Кодекстің 335-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында белгіленген тәртіппен қаралған сотталған адам қылмыстық процесті жүргізетін органға келген жағдайда, оның ерік білдіруі.

335-баптың екінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақтарында саналған мән-жайлар үкіммен қатар соттың, прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының қылмыстық істі ескіру мерзімінің өтуіне орай, рақымшылық актісінің нәтижесінде, айыпталушының қайтыс болуына немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту жасына жетпегендігіне байланысты тоқтату туралы қаулысы арқылы белгіленуі мүмкін.

Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуға жататын қылмыстық істер бойынша шығарылатын сот шешімдері, яғни айыптау үкімі; ақтау үкімі; істі тоқтату туралы қаулы; мүлкті соттың үкіміне дейін тәркілеу туралы қаулы қайта қаралуы мүмкін.

Әділет БАҚЫТОВ,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.



«Аудио-бейне тіркеу жүйесі» сот процестерін техникалық тіркеуге арналған: оқиғаның басталуы, оқиғаның атауы, қатысатын адамдар және қысқаша түсініктер, соттың құрамы туралы мәліметтер, істің нөмірі және хронологиялық кезеңділікпен көрсетілетін сот отырысының қысқаша хаттамасын жасау АБТ жүйесі жұмысының нәтижесі болып табылады.

АУДИО ЖӘНЕ БЕЙНЕ ТАСПАҒА ЖАЗУ

Бұл судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақырады, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді.

Жүйе жазып алынған ақпараттарға қолжетімділікті және оны бұрмалау мүмкіндігін болдырмайды. АБТ (Аудио-бейне тіркеу) жүйесінің функционалдылығына келер болсақ, сот отырысын сандық аудио-бейне жазып алуға, сот отырысының қысқаша хаттамасын жасауға мүмкіндік туып отыр. Аудио-бейне тіркеуді жүргізер алдында сот отырысына қатысушылар бойынша деректер енгізу мүмкіндігі, облыстық соттардың локалдық серверінде және ҚР Жоғарғы Соттың орталық серверінде аудио-бейне файлдарды және ілесіп ақпараттардың сақталуына жол беріп отыр. Сот органдарының (сот ісін жүргізу бөлігінде) ақпараттық жүйелермен және «Сот кабинеті» секілді басқа да ақпараттық жүйелермен интеграция жүргізілген.

Осы жүйе Украина, Беларусь, Ресей және Сингапур т.б. елдердің сот жүйелерінде аудио-бейне тіркеудің қолданыстағы әлемдік тәжірибесін ескере отырып жасалынған.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өзінің ресми сайтында онлайн сервистерге және сот органдарының қызмет көрсетулеріне қолжетімділіктің жалғыз терезесі болып табылатын «Сот кабинеті» электрондық жобасы 2014 жылдан бастап іске қосылып келеді. Сот жүйесін дамытудың ықпалды тетіктерінің бірі-соттарды заманауи құралдармен қамтамасыз ету. Соңғы жылдары сот жүйесінде заманауи талаптарға сай, электронды сот өндірісін дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы сот төрелігі азаматтардың жеке өмірінің құпиялығына кепіл құқын есепке ала келгенде барынша ашық болып келеді. Сот саласын реформалау мен сот органдарын жаңғырту бағытында жүзеге асырылып жатқан және тиісті жоспарлардың мақсаты- азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтып, тараптардың құқығы мен мүддесінің сотта қорғалу тиімділігін арттыру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда әділ сот қашанда халықтың ұйытқысы болмақ.

Айнұр ОРМАШЕВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ

ҚАТЕР ТӨНДІРЕР ҚЫЛМЫС

Сыбайлас жемқорлық бүгінгі таңда көптеген елде көңінен белең алып, қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндірген қылмыстың бірі. Ал осы көріністерді туындатқан салалар мемлекеттік үдерісті, қарышты дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, сондай-ақ мемлекет билігінің беделіне де нұқсан келтіреді.

Құқықтық демократиялық мемлекет құрудың принциптерін бұзып, ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне нақты қауіп туғызады.

Сыбайлас жемқорлық ұғымымен жалғыз пара алуды ғана баламалауға ғана болмайды, өйткені, бұл қылмыстың осы түрінің көп көріністерінің бірі ғана.

Қазіргі сыбайластық-өзінің мүддесі үшін заңды айналып өту жолымен материалдық және заңдық артықшылықтар алу. Ол мемлекеттік ресурстармен әртүрлі қылмыстық құбылыстар өз-өзінен ұласып кете барады. Осы әрекеттерді болдырмау сыбайлас жемқорлықтың фактілерін алдын алу мақсатында кеңсе қызметкерлерінің арасында әр апта сайын нұсқаулық жүргізіледі.

Мемлекетіміздің қазіргі дамуы жағдайында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының қылмыспен күресті күшейтудің қосымша шаралары және құқық қорғаушылық қызметті одан әрі жетілдіру туралы» Жарлығының қабылдануының маңызы зор.

Елбасының Жарлығымен қазір бағыныштыларының

сыбайластық әрекет жасағандары үшін басшының жауаптылығы туралы мәселе қойылып отыр. Мұның өзін, сөз жоқ, сыбайластық пен күресте қолданылып жүрген мемлекеттік механизмдегі маңызды да басты элементтерінің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, Жарлықта сыбайластықпен күресте бірқатар сапалық жаңа шаралар қарастырылған. Мемлекеттік қызметкердің өзіне белгілі болған сыбайластық құқық бұзушылық оқиғалары туралы хабарлау міндеті енгізіліп, сыбайластыққа қарсы әрекет шаралары жасалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шын мәнісінде, бөлек пара алушыларға қарсы күреске қарағанда әлде қайда кең. Қылмыстық қудалау немесе заңнаманы жетілдіру шараларымен ғана жағдайды өзгертуге болмай-тыны ойландырады. Ауруды, оның себептеріне әсер ету арқылы ғана жазасың. Керісінше жағдайда, біз бірыңғай оның нышандарын алуға душармыз. Осы күресте ең басты, қоғамдық институттармен барынша тығыз қызмет істеген кезде ғана табысқа жете аламыз.

Жұлдыз ТЕМІРҒАЛИЕВА,
Талдықорған қалалық сотының жетекші маманы.

МЕДИАЦИЯ



Демек, Қазақстан Республикасында сот төрелігін үшінші билік - сот билігі жүзеге асырады. Өлбетте біздің қоғам бір орында тұрмайды, ол әрдайым өсу үстінде. Сот жүйесі де заман талабына сай өзгеріп, даму үстінде. Осыған орай соңғы жылдары сот саласы көптеген реформаларды жүзеге асырды. Соның бірі дауды сотқа дейін шешу мәселесі, яғни, медиациялық тәртіппен бітімгершілікке келу әдісі.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асы-

ТАРАПТАРДЫҢ ЕРІКТІ КЕЛІСІМІ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабына сәйкес: «Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды» - делінген.

рылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады.

Негізінде медиация деген қазаққа жат нәрсе емес. Атам қазақ ерте заманда жер дауы, жетім дауы, жесір дауы сияқты күрделі дауларды халықтың беделіне ие болған билерге жүгіну арқылы бітімгершілікпен шешіп отырған, бітімгершілік екі тарапты да қанағаттандырған. Қазақ

жұрты қашанда тауып айтқан сөзге тоқтап, үлкеннің айтқан бітімгершілік сөзіне құлақ асқан.

Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңының қабылданып, қолданысқа енгеніне біраз жылдар өтсе де күні бүгінге дейін «Медиация туралы» заңы толыққанды жүзеге асырылмай келе жатқаны да белгілі. Оның өзіндік себептері де бар. Сондықтан медиацияны кеңінен қолданудың пәрменді шараларын қабылдаса нұр үстіне

нұр болары даусыз. Өйткені, кейбір өзара тіл табыса алмаған дау дамайларды ушықтырып, сотқа дейін апарғанша, оны медиация жорымен бітімгершілікке келу арқылы оңай шешуге әбден болады. Ол екі тарапқа да пайдалы болары сөзсіз. Өйткені, қазіргі заманда соттасу көп уақытты, қомақты қаражатты, адамдардың жүйкесінің төзімділігін қажет ететіндігі белгілі. Осындай келеңсіз жағдайларға түспеу жолы - дауды медиация жолымен сотқа жеткізбей шешу, медиация заңының қолданылу аясын арттыру.

Осыдан шығатын қорытынды алдағы уақытта да медиация заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол ортақ міндет. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар

ат салысуы тиісті. Себебі, дауды ушықтырмай, сотқа жеткізбей медиация тәртібімен шешу қарапайым халық үшін өте тиімді, әмбебап қоғамда әлеуметтік шиеленістерді болдырмаудың кепілі болмақ. Бұған барлық дамыған мемлекеттердің тәжірибесі айғақ. Дамыған мемлекеттерде қоғамда туындайтын даулардың 90 пайызға жуығы сотқа жетпей медиация тәртібімен шешіледі. Сондықтан жұртшылық, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдары, атқарушы билік өкілдері Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» заңының тиімділігі мен қолайлылығын жете түсініп, оның қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын жүргізуге атсалысады деп үміттенеміз.

Санжар ЛАЗАРОВ,
Талдықорған қалалық сотының
бас маманы-сот мәжілісінің
хатшысы.

ӨНЕГЕ

ЖАЗУШЫМЕН ҮЗДЕСУ

**ЖЕТІСУДЫҢ БЕЛГІЛІ
ПЕРЗЕНТІ ЖАЗУШЫ,
«ҚҰРМЕТ», «ПАРАСАТ»
ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, БІРНЕШЕ
ӘННІҢ АВТОРЫ, ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ШОҚТЫҒЫ
БИІК ҚАЛАМГЕР, ҚР ЕҢБЕК
СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, АЛМА-
ТЫ ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ПАНФИ-
ЛОВ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ
АЗАМАТЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
«АЛАШ» ЖӘНЕ М.МАҚАТАЕВ
АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТЫҢ
ЛАУРЕАТЫ АТАНҒАН
БЕКСҰЛТАН НҰРЖЕКЕЕВ
АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
М.ТЫНЫШПАЕВ АТЫНДАҒЫ
ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН
КЕЗДЕСТІ.**



Кездесу барысында қаламгер балалық шағынан қызықты оқиғалармен бөлісіп, сол шақтардың қызықты сәттерін аса бір қызығушылықпен суреттеп берді. Сондай-ақ, жазушы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, Панфилов ауданына оралып, Үшарал ауылында ұстаздық етіп, комсомол жұмыстарына белсене араласқаны туралы да сөз етті. Әңгіме барысында қандай жұмыс болмасын қызыға, білек сыбана кірісетінін, оны аяғына дейін жеткізбей тыным таппайтынын да айтты. Мектепте жүргенде бірінші «Күнәлі

махаббат» атты повесі шыққанына Мұқағали Мақатаевтың септігі болғанын айтып, еске алды. Анасынан ерте қалған қаламгер ата-әжесінің мейіріміне бөленіп өскенін, шығармаларының көбісін соларға арнағанын да баса айтты. Жазушының шығармаларында ұлт тағдыры бірінші орында болғанына «Әй, дүние-ай» атты романы толық дәлел болары анық. «Дипломсыз» тарихшы деген сынаққа алынса да бес ай бойы архив материалдарымен жұмыс жасап, денсаулығына зиян келсе де, бұл шығарма көңілден шыққанын айтып жеткізді. Осы роман арқылы 1916

жылда болған ұлт азаттық көтеріліс жайлы, осы күнге дейін белгісіз, жан түршігерлік оқиғалардың беті ашылған болатын. Орбұлақ шайқасы туралы да деректерге жүгіне отырып, анық-қанығына жеткен Бексұлтан ағаның орны ерекше. Жазушының көп әңгімесі, романдары махаббат деген ұлы сезімге арналған.

Кездесу барысында ағамыздың жарына, қызына деген ерекше сүйіспеншілігін де байқап қалдық. Адами қасиеттердің жоғалып бара жатқанын, бұл дертке айналған қасіретті мәдениетсіздікке жатқызу керектігін де қынжыла сөз етті.

Кездесуде Бексұлтан ағайдан өзінің кітаптарын, суреттерін, қол жазбаларын, жеке заттарын көрсетуге өтініш білдірдік. Айзаш апай екеуі еш сөзге келмей-ақ бүкіл жанұялық қорын ортаға сала бастады, кез-келген заттың тарихына тоқталып, сұрағанымызды сыйға тартып, өмір бойы мұрасына айналған естеліктерді музейдің құнды экспонатына айналуына қарсылық білдірмеді.

Жылы жүздесу соңында жазушы ағамызға ризашылығымызды білдіріп, әлі де халқы үшін еңбектенетініне сенім білдірдік.

**Райхан ЕСЕНБАЕВА,
М. Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АБАЙ ӘЛЕМІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мереке-леу туралы жарлыққа қол қойды. Дана ойшылдың мерейтойын ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында атап өту жоспарланып отыр.

Ұлы ақын, аудармашы, философ, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы Абай Құнанбайұлы 1845 жылы Тобықты руында дүниеге келген. Ақын ел анасы атанған Зере әжесінің аңыз ертегілерін естіп, Ұлжан анасының тәрбиесінде өсті. Бала кезінен білімге құштар, сөзге шебер болып өсті. Әкесі Құнанбай баласының зеректігін байқап, оған жан-жақты білім беруге тырысады. Ал 13 жасында оны оқудан алып кетіп, ел басқару ісіне қатыстырады. Басында «барып кел, шауып келмен» жүрген жас Абай аз уақыттың ішінде жуан би, ел тартысының атқа мінері болып шыға келеді. Ел басқарумен талас тартыстың арасында һакім Айбайға шешендік өнері көп көмегін тигізді. Алғашқы өлеңін 10 жасында жазған. Оның ақындық өнерін танытқан үлкен шығармасы «Қансонарда».



Абай өлеңдерінің ішінде тәрбиелік мәні зор, мазмұны жағынан мәнді де мағыналы туындылары көп. Абайдың еңбектерінің бірі әрі бірегейі қара сөздері. Осы сөздердің бір бөлігі 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Абай ақын үш әйел алған. Алғашқы сүйгені, алғашқы ғашығы Тоғжан қыз болғанымен оған қосылмады. Оның бәйбішесі Ділде, Ділдәдан-Ақылбай, Әбдірахман, Құлбадан, Әкімбай, Мағауия мен Райхан, екінші әйелі Әйгерім, одан Тұрағұл, Мекайыл, Ізкайыл мен Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Ал, әмеңгерлік жолмен алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрмеді. 1904 жылы 23 маусымда Мағауияның өлімінен кейін 40 күн өткен соң қайтыс болады.

Абай – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр. Халқымыздың қастерлі ұлы Мұхтар Әуезов жазғандай, хәкім Абайдың алты Алашқа аманаттап қалдырған мол мұрасын насихаттау бүгінгі ұрпаққа жүктелген жүгі жауапты міндет.

**Гүлжан ӘЛДЕКЕН,
Ілияс Жансүгіров атындағы ЖМУ,
журналистика факультетінің I курс студенті.**



ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАРЫСАЙЫҚ

Осман ибн Афғаннан (р.а) «Пайғамбар (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) Сендердің ең жақсыларың Құранды үйреніп, оны басқаға үйреткендерің» - деген (имам Ахмад, әл-Бухари, Әбу Дәуіт, әт-Тирмизи).

Құдайға шүкір аузында Алласы бар, иманды бала тәрбиелесем дейтін ата-аналар Еркін ауылында баршылық. Бір кездері сары ауыз балапандай айналасына үрке қараған бір үйдің еркелерін ұстаздарға аманаттап, білімді тәрбиелі оқушы болашаққа дін мен араб тілін меңгеруге, білім алуға сеніп тапсырғанбыз. Себебі, Еркін мешітінде ұстаздар білімді бала санасына сіңіре білді. Сыңар қанат құстың биікке самғайтыны сияқты білім – тәрбиесіз, тәрбие - білімсіз нәтиже бермейді. Ең жауапты кезеңінде ұстаздар балаларымыздың еркелігін көтеріп шыдай білген ұстаздарға алғысымыз шексіз.

Балалардың Құран танып, оларды ұлтжанды етіп тәрбие беруіне мешіт имамдарына тапсырма беріп, осындай іс-шараны

қолға алған Алматы облысы Талдықорған қаласы «Иман» мешітінің өкіл имамы Ардақ Оразбаевтың еңбегі зор екенін айта кету керек.

Қазіргі таңда Еркін ауылының бас имамы Омар Хадыстың ұйымдастыруымен де көптеген іс-шара өтуде. Мұнымен қоса Хатымхана бой көтеріп келеді. Жуырда 10-14 жас аралығындағы ұл-қыздарымыздың арасында Құран жарысы өтті. Ұстазының айтқанын екі етпей орындап, пысықтығымен көзге түскен қызымыз білімге деген құштарлығының арқасында бірінші орын иеленіп, велосипед ұтып алды. Ал ұлдар арасында бірінші орын алған інімізге де жүлдеге велосипед бұйырды. Екінші орын жеңімпаздарына самокат бұйырса, үшінші орын жүлдегерлері желдеткішке ие болды.

**Оразхан НҰҒМАНОВ,
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.**

ШАРА

**"Ұлтжанды ұрпақ
тәрбиелеу
Білген сайын келеді
біле бергім,
Білімдіні сүйерін
білем елдің"
- демекші біздің ұлт
білімге өте ерекше
көңіл бөлген.**

А ВЫ ЗНАЛИ

ЗАКАНЧИВАЕТСЯ СЕЗОН ОТПУСКОВ

ОТПУСК, ОТДЫХ... ДА ВЫ МОЖЕТЕ СКАЗАТЬ СЕЙЧАС, КАКОЙ ОТДЫХ УЖЕ ОСЕНЬ НА ДВОРЕ? НО ЕСЛИ ТАК ПОЛУЧИЛОСЬ ЧТО У ВАС ОТПУСК В АВГУСТЕ... А ВЫ ЗНАЛИ, ХОРОШО МОЖНО ОТДОХНУТЬ И СЕЙЧАС? МНОЖЕСТВО ВОЗМОЖНОСТЕЙ И ВАРИАНТОВ ДЛЯ ОТДЫХА: ПЛЯЖНОГО И ЭКСКУРСИОННОГО, ДЛЯ «ПОПРАВКИ» ЗДОРОВЬЯ И ШОПИНГА. ПРОБЛЕМА ЛИШЬ В ОДНОМ – ВЫБРАТЬ, КУДА ПОЕХАТЬ ОТДЫХАТЬ ИЗ АЛМАТЫ, АСТАНЫ (ИЗ КАЗАХСТАНА)? ЧТО ЖЕ, ПОПРОБУЕМ «ОБЪЯТЬ НЕОБЪЯТНОЕ» И СОСТАВИТЬ СПИСОК МЕСТ, КУДА МОЖНО ПОЕХАТЬ ОТДЫХАТЬ В АВГУСТЕ.

Где самое теплое море, где можно недорого отдохнуть на море, за границей, где лучший шопинг и отдых. Сколько стоит путевка (тур), цены от турагентств из Алматы, Астаны, самые недорогие путевки (туры), погода и все такое. В общем, варианты летнего отдыха для казахстанцев. Мы знаем что это будет интересно для вас.

КУДА ПОЕХАТЬ ОТДЫХАТЬ В АВГУСТЕ?

География отдыха такова, как и в июле. Идеальная пляжная погода стоит на курортах Европы и Средиземноморья:

- в Испании +30,
- в Греции +35,
- в Хорватии +28...30. Температура воды – до +26.
- В Турции все так же жарко.
- А в Тунисе до 20-ых чисел стоит остерегаться массового скопления медуз.

СТРАНЫ И КУРОРТЫ



Испания, курорт Коста Дорадо

ИСПАНИЯ

Традиционно туристов привлекают развитая инфраструктура, потрясающий национальный колорит, мягкий климат, сокровища испанской культуры и, конечно же, прекрасные пляжи с мелкой галькой, которые чередуются с живописными бухтами и величественными скалами. Отдых в Испании – это прекрасная возможность сочетать спокойный пляжный отдых с прогулками по горам и возможностью окунуться в атмосферу вечного праздника, в программу которого карнавалы, ярмарки, фестивали и коррида.

Стоимость тура (цены из Алматы) - от 880\$ (8 дней, 7 ночей).

ГРЕЦИЯ

Колыбель европейской цивилизации, Греция привлекательна, прежде всего, уникальной возможностью



Греция, остров Родос

совместить полезное и приятное: неторопливое времяпрепровождение на пляже и посещение многочисленных достопримечательностей этой

страны, среди которых руины города Еннос, монастырь на о. Афон, Кровавая башня, Византийский музей, Акрополис, церковь Святой Елены и мн. др.

Стоимость тура (цены из Алматы) – от \$990 (на 8 дней).

ХОРВАТИЯ

Чистое и ласковое Адриатическое море и мягкий



Хорватия, Дубровник

средиземноморский климат традиционно привлекают в Хорватию множество туристов. Сюда едут и те, кто ищут тишины и уединения, и те, кто предпочитают активный образ жизни. Идеальные с точки зрения экологии условия отдыха, многочисленные парки и заповедные территории, термальные источники, дайвинг, яхтинг, увлекательные



Турция

бюджета). Именно в Хорватии, в Дубровнике снимается знаменитый сериал «Битва престолов».

Стоимость тура (цены из Алматы) – от 670\$ (на 11 дней).

ТУРЦИЯ

Одно из самых популярных направлений для отдыха. Омываемая водами четырех морей, Турция предлагает гостям чудесный пляжный отдых в комфортабельных отелях, чистые песчаные и галечные пляжи, активную ночную жизнь и возможность пощекотать нервы, занимаясь экстремальными видами водного спорта. Помимо пляжного отдыха Турция предлагает и лечебные курорты – например, в известном на весь мир геотермальными источниками Памуккале – одном из чудес света.

Стоимость тура (цены из Алматы) – от 600\$ (на 7 дней).

ОТДЫХ С ДЕТЬМИ



Выбирая, где можно отдохнуть с детьми, необходимо как можно подробнее узнать о предполагаемом месте отдыха. Важно все – начиная от погоды и заканчивая организацией досуга. Ребенку обязательно должно быть комфортно – не слишком жарко, но и не холодно. Обратите внимание на температуру воды в море это время и вид пляжа – каменистый вряд ли будет столь же безопасен для малыша, как и песчаный. В отеле должно быть подходящее для ребенка питание и детский бассейн. Не лишним будет и детская анимация, и экскурсионная программа. Стоит учесть и реакцию детского организма на смену климата. С детьми до года педиатры вообще не рекомендуют перелеты, а с ребенком 3-4 лет лучше отправиться в страну со схожим климатом и недалеким перелетом.

ЛУЧШИМИ СТРАНАМИ ДЛЯ ОТДЫХА С ДЕТЬМИ СЧИТАЮТСЯ:

- Болгария,
- Хорватия,
- Испания,
- Италия,
- Греция и в июне - Турция (Белек, Фетхие, Кемер).
- А вот в ОАЭ, Египет, Тайланд и на Мальдивы лучше отправиться зимой – летом для детей там слишком жарко.

А. АКЫБАЕВА

ВЕЛОШЕРУ

АЛЕКСЕЙ ЛУЦЕНКО
ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Биылғы «Тур де Франс» көпкүндігі дәстүр бойынша Елисей алаңында аяқталды. Финалдық кезеңде аустралиялық Калев Юан жеңіске жетті.

«Астана» командасы сапында велосипедшілер екі спортшы жеңіс тұғырынан көрінді. Пельо Бильбао мен Алексей Луценко үздіктер қатарына енген болатын. Қазақстан чемпионы Луценко жалпы есепте 19-шы орынға тұрақтады.

«Команда көшбасшысы» Якоб Фульсанг жарыстан шығып қалса да, «Тур

де Франс» додасында соңына дейін беріскен жоқпыз. Әрине, біз жалпы есепте жақсы нәтижеден үмітті болдық. Бірақ бұл велоспорт. Шабуылдауға берілген кез келген мүмкіндік пайдаландық. Алексей Луценко ТОП-20 қатарына енгені де жаман көрсеткіш емес. Бұл жолы біз үлкен сабақ алдық. Енді келесі жарыстарға дайындаламыз», - дейді «Астана» командасының спорттық менеджері Дмитрий Фофонов.



ДЗЮДО

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ДЗЮДОШЫ ГАЛБА-
ДРАХ ОТГОНЦЭЦЭГ
ЗАГРЕБТЕ (ХОРВАТИЯ)
ӨТІП ЖАТҚАН ГРАН-
ПРИ ТУРНИРИНДЕ
ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ.
ӨЗІ БАҚ СЫНАЙТЫН
48 КИЛОҒА ДЕЙІНГІ
САЛМАҚТА БАРЛЫҚ
ҚАРСЫЛАСТАРЫН
АЙҚЫН ҰТЫП ШЫҚТЫ.

ГАЛБАДРАХ
ЗАГРЕБТЕ ТОП ЖАРДЫ

Галбадрах жарысты екінші айналымнан бастады. Алдымен аустриялық спортшы Катерина Танзерді ұтты. Одан кейін Қытайдан барған Йо Хионгтан басым болды. Жартылай финалда тағы бір қытайлық дзюдошымен жолы түйісті. Ли Янанды иппонмен жеңіп, финалға шықты. Финалда қазақстандық спортшы француз Мелани Клементпен кездесті. Қосымша уақытта қарсыласынан айласын асырып, жарыс жеңімпазы атанды.

Ерлер арасында Даурен Сүйеуенов (60 кг) 5-орын алды. Ол жұбаныш белдесуде Польша елінен келген Томер Голомбқа есе жіберді.

ТРИАТЛОН

АЗИЯ КУБОГІ ЖАРЫСЫ ӨТПЕК

3-4 тамыз күндері Алматыда Азия кубогы (ASTC Almaty Triathlon Asian Cup) жарысы өтеді. Халықаралық дәрежедегі бәсеке Алатау бөктерінде екінші рет жалауын желбіретпек, - деп хабарлайды ұйымдастырушылар. Азия кубогы Elite дәрежесіндегі (кәсіпқой) спортшылар арасында өтеді.



Әр елден келген 130-ға жуық спортшы қатысады деп күтілуде. Олар спринттік сын бойынша жарыс жолына шығады. Кәсіпқой спортшылар болғандықтан, олар 750 метрге жүзу, 20 шақырымдық веложарыс және 5 шақырымға жүгіру бойынша бәсекеге түседі.

ASTC Asia Cup – бұл Азия Триатлон Конфедерациясы (ASTC) мен Халықаралық Триатлон Одағы (ITU) бірігіп өткізетін кубоктар сериясы.

4 тамызда Сайран көлінде 18 жастан асқан AGE санатындағы әуесқойлар арасында да чемпионат өтеді.

Айта кетейік, триатлон – жүзу, велобәйге және жүгіру сияқты спорттың үш түрінен тұратын мультиспорттық жарыс. 2000 жылдан бастап триатлон Олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізілген.

Қазақстанда триатлон еліміздің барлық өңірлерінде дамып келеді. 2019 жылы республикалық және халықаралық деңгейдегі 18 жарыс өткізу жоспарланып отыр.

ТОКИО-2020

Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті XXXII жазғы Олимпиада ойындарына қатысуға ресми шақырту алды. Халықаралық Олимпиадалық комитеттен келген (ХОК) шақырту хатқа ХОК президенті доктор Томас Бахтың қолы қойылған. ХОК дәстүр бойынша Олимпиадаға бір жыл уақыт қалғанда ұлттық олимпиадалық комитеттерге шақырту жібереді.

РЕСМИ ШАҚЫРТУ АЛДЫ



Азия бар. Олимпиадаға (жүзу, брасс), жеңіл атлеттер Ольга Рыпакова мен Георгий Шейко, велошабандоз Евгений Гидич (лицензия белгілі бір спортшыға берілмейді), классикалық садақ арудан Қазақстанның ерлер командасы (Денис Ганькин, Ильфат Абдуллин, Санжар Мұсаев) және ашық суда жүзуші Виталий Худяков иеленді. Садақ ату спортынан Қазақстан командалық және жекелей сайыста да өнер көрсетеді», - делінген ҚР Ұлттық Олимпиадалық комитетінің ақпаратында.

Токиодағы Олимпиада ойындары 2020 жылдың 24 шілдесінде басталады. Жарысқа әлемнің 206 елінен 11 мыңнан астам спортшы қатысады деп күтілуде.

Олимпиаданың жабылу салтанаты 9 тамызда өтеді.

СПОРТЗАЛ

ЖҮГІРУ АЛДЫНДАҒЫ ЖАТТЫҒУ

Жүгіру – адам денсаулығына пайдалы жаттығулардың бірі. Десе де жүгірмей тұрып арнайы жаттығулар жасап, денені қыздырып алған дұрыс. Әсіресе жүгіру алдында тізеге арналған жаттығуларды орындау қажет. Жүгіруді жылдам бастап кетуге болмайтынын спорт мамандары әуел бастан ескертіп келеді. Жақында Жапонияның Ракуно Гакуэн университетінің ғалымдары жүгіру алдында жасалуы тиіс 5 жаттығу түрін атады. Бұл жаттығуларды жүгіру алдында орындап жүрген адамдар оқыс қозғалыс кезінде жарақат алмай, өз нәтижесін жоғарылата түседі екен. Олай болса сол 5 жаттығу түрімен таныс бола отырайық.

1. ЖАМБАС ЖАЗУ ЖАТТЫҒУЫ

Алға қарай 45 градуста иіліп, тізені бүгіп көкірек тұсына тигізіңіз. Артынша жиған тізеңізді (артқа қарай тепкен секілді) артқа қарай жылдам жазыңыз.

2. ЖІЛІНШІК ЖАЗУ ЖАТТЫҒУЫ

Тік тұрған бойда тізеңізді бүгіп, бөксеңізге жеткізе бірнеше минут ұстап тұрыңыз. Артынша екінші тізеңіздің жіліншігіне де осы жаттығуды жасаңыз.

3. САН БҰЛШЫҚЕТТЕРІНІҢ ЖАТТЫҒУЫ

Тік тұрған қалыпта тізеңізді көкірегіңізге тигізіп, бірнеше рет қайталаңыз. Одан кейін екінші тізеңізді де көкірегіңізге жеткізе

орындаңыз.

4. БЕЛ МЕН ЖІЛІНШІК ЖАТТЫҒУЫ

Тік тұрған қалыпта бір аяғыңызды беліңізбен бірдей деңгейде ұстап, тізеңізді бүгіп-жазу жаттығуын жасаңыз.

5. ТАБАН СҮЙЕКТЕРІН ЖАЗУ ЖАТТЫҒУЫ

Бір аяққа тұрған қалыпта, екінші аяғыңызды көтеріп саусақтарыңызды бүгіп-жазыңыз. Жүгіру алдында отырып-тұру жаттығуын жасауды да естен шығармаңыз. Сондай-ақ, жүгіру алдында тізеңізді жоғары бүккен бойда қолыңызбен қапсыра ұстап, бір аяқпен тұру да пайдалы.





ЖАРАТЫЛЫС

Саят құстарының ішіндегі бүркіттен кейінгі алғыры, аң алатын қабілеттісі – ителгі. Бірақ арабтардың ителгі десе, ішкен асын жерге қоятындарының себебі басқа секілді. Оның себебін, көнегөз қариялар бұл қырантекестің мұсылманшылдығымен байланыстырады. Бұл туралы айтпастан бұрын, жалпы ителгі жайлы аздаған ақпар беріп өтейік. Құсбегілкті қадыр тұтқан, қазақ саятшыларының ішінде екі ұшты пікір бар. Бірі ителгінің шыдамдылығын, алғырлығын алға тартып, «Ителгі көп түлесе, дүр болады, Қаршыға көп түлесе күл болады» деп, мұсылман құсқа шаң жуытпаса, енді бірі тегі жасық, қарымы нашар, «қаршыға қазан астырады, ителгі етек былғайды» деп, келеке етеді. Бірақ ителгіні сұңқармен күйектендірсе, арасынан аса алғыр құс шығады деген пікір және бар.

ИТЕЛГІНІ НЕГЕ «МҰСЫЛМАН ҚҰС» ДЕЙДІ?

Ителгі – өте тәзімді құс, ол өзінің жемін аңдып, ұзақ уақыт бойы отыра береді. «Қолға түсіремін» деп шешім қабылдаса, оны ұстап қызылына тояттағанша дамыл таппайды. Сондай-ақ, басқа құстардан ерекшелігі және ең негізгі қаруы – аяғы. Иә, барлық қыран құстар аң аулауда найзадай саусақтарын қолданатыны белгілі. Дегенмен, ителгі жемтігін үлкен жылдамдықпен келіп, теуіп құлатады. Жердегі қашып бара жатқан қоянды екі тепкенде, омыртқасын үзіп жіберсе, қанатты жемтіктерін көк аспанда қуалап жүріп теуіп құлататын көрінеді.

Сонымен, ителгіні неге «мұсылман құс» дейді екен? Оның себебі мынада: ителгі қолға түсірген жемтігінің етін (мейлі құс болсын, мейлі қоян) жеместен бұрын, тамағын өткір тұмсығымен орып жібереді екен. Яғни, бауыздап барып қана қызылға ауыз салады. Мұсылман елінде де қан шығарылмай, өзі өліп қалған малдың етін «арам» деп жемейтіні белгілі. Иә, қазақ халқы да «Сенің жазығың жоқ, бала-шағамыздың азығы жоқ» деп, ішінен дұғасын жасап, басын құбылаға бағыттап бауыздаған малдың етін ғана адал дейді. Атадан балаға аманат болып қалған бұл адалдықты ителгі де бойына сіңірген көрінеді. Осы адалдығының арқасында бұл сұңқартекестің «мұсылман құс» деп аталып жүргенін біріміз білсек, біріміз білмейміз...

ТӘМСІЛ

ҚАЛАМГЕР ӘКЕНІҢ ҚАТЕЛІГІ



... Қылмысты болған жас жігіттің түрмеге түсер алды. Сот төрағасы оның әйгілі қаламгердің баласы екенін жақсы біледі екен. Ел таныған құрметті кісінің атына кір келтірген баласын ұялтпақ болып, сот жаза кескеннен соң бірнеше сұрақ қойыпты:

- Әкең есінде ме?
- Иә, бәрі де жақсы есімде! – дейді жігіт.

Оның ар-ұятын оятпақ болған сот төрағасы:

- Сондай атақты жазушының ұлысың ғой. Әкең туралы есінде қалған нақты бір оқиғаны айтып берші. – дейді. Соттың ойы жазушының жұртқа тағылымды бір өнегесін естіп қалмақ. Бірақ, жігіттің айтқан оқиғасы мүлде басқаша өрбіпті.
- Менің есімде ұмытылмастай сақталған және ең көп қайталанған мына жағдай. Ақыл-кеңес сұрамақ болып әкемнің жанына бара қалсам, ол ылғи қағазға шұқшиып жазып отырады. Шаруамды айта бастасам: «Әй, көріп тұрсың ғой, менің қолым тимейді. Кет әрі! Мазамды алма! Мен қайтсем де мына кітапты жазып бітіруім керек» деп айғай салып, қасынан қуып тастайтын. Сіздер үшін ол кісі заңғар жазушы шығар, ал, мен үшін көптен көрінбей кеткен жұзтаныс достарымнан артық емес, – деп жауап беріпті.

Қамшының сабындай мына қысқа ғұмырда тіршіліктің шаруасы бітіп болар ма? Кітап жазудан бас көтермей, өз ұлын дұрыс тәрбиелеуге қолы тимеген осы қаламгердің қателігі талайға сабақ боларлық. Егер ұл-қызымызға бүгін жиі көңіл бөліп отырмасақ, уақыт өткен соң орны толмас өкініште қалдырмақ екен.

МАСА

МАЗАҢЫЗДЫ АЛСА

Маса – жаздың көзекті жағымсыз жақтарының бірі. Еқызығы масалардың тек ұрғашылары ғана жануарлар мен адамдарды шағады екен. «Ер» масалар гүлдің шәрбатымен қоректенеді. Ал ұрғашы масаларға қан тұқым қалдыруы үшін қажет. Масалар өзінің құрбанын қимылдар, денесі бөлетін жылу мен иісі бойынша іздеп анықтайды. Адам не жануардың терісіне қонғаннан кейін ол қан ағатын кішкентай капиллярлар іздей бастайды. Тапқаннан кейін маса шағып, 30 секунд - 1 минут аралығында қан сорады. Адам ағзасы маса сілекейінің құрамындағы ақуыздарға кері әсері ретінде терісі бөртіп, қыши бастайды. Маса шаққан жердің қышығанын мен ісігін басу үшін мына кеңестерді қолданып көріңіз.

Қол астында дәріханалардан алынған арнайы майлар болмаса, маса шаққан жерге қарапайым қолданылған *шай қалташасын* басуға болады. Шайдың құрамындағы танин деген зат ісінуді баса алады. Масының шаққан жеріне суық басқан дұрыс. Ол үшін мұз кесегін, не мұздатылған көкөністер, кез келген мұздатылған затты ала аласыз. Суық ісінуге тез әсер етіп, ауруын қойдырады.

Шай ағашының майы жақсы антибактериалды, ісінуге, вирустарға қарсы құрал. Әйелдер шай ағашының майы қосылған косметиканы жиі қолданады. Егер сізде де сондай косметикалық құрал болса (лосьон, тоник, май), оны маса шағып алған жерге жағыңыз. Ол жараның қышығанын қойдырып, тез кетуіне көмектеседі.

Сүт өнімдері: кефир, қаймақ, сүт те теріні тыныштандырады. Маса және басқа да жәндіктердің тістеген жерін ас содасының ерітіндісімен емдеуге болады. 1-2 шай қасық ас содасын бір стақан суға ерітіп, оған мақтаны малып, жараны басыңыз.

Бор немесе салицил қышқылы маса шаққанда көмектесе алады. Сондай-ақ қырмызы қайнатпасы, корвалол, валокордин сынды дәрілерді жараға жағу арқылы ісікті баса аласыз.

БИЗНЕС ЛАЙФ

ТЕХНОЛОГИЯ ДӘУІРІНДЕ АТАҚ-АБЫРОЙЫ АЛТЫ ҚҰРЛЫҚҚА ТАРАҒАН ИЛОН МАСК, МАРК ЦУКЕРБЕРГ, БИЛЛ ГЕЙТС СΙΑҚТЫ МИЛЛИАРДЕРЛЕР ЖҰМЫС УАҚЫТЫНАН ТЫС НЕМЕН АЙНАЛЫСАДЫ? ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДА ӘЙГІЛІ КӘСІПКЕРЛЕРДЕН ҚАНДАЙ ӘДЕТТЕРДІ ҮЙРЕНЕМІЗ? ШЕТЕЛДІК БАҚ ТАРАТҚАН АҚПАРАТТАРҒА НАЗАР САЛСАҚ, БҰЛ ТҰЛҒАЛАР БІР КҮНДІК ЖОСПАРЫНЫҢ БІР БӨЛІГІН МЫНАДАЙ ӘРЕКЕТТЕРГЕ АРНАЙДЫ ЕКЕН.

МИЛЛИАРДЕРЛЕРДІҢ ӘДЕТІ

1) ЖҰМЫСҚА ҚАТЫСЫ ЖОҚ КІТАП ОҚУ

Болашағына бей-жай қарамайтын кез келген адам кітап оқуды әдетке айналдырады. Көп кітап оқу адаммен түсінісе білуге үйретеді. Америкалық әйгілі кәсіпкер, инженер Илон Маск Rolling Stone журналына берген сұхбатында «Мені кітап тәрбиеледі. Бірінші кезекте, кітап, содан кейін ғана ата-анам» деген екен. Маск қолы қалт еткенде ғылыми фантастика мен биографиялық шығармаларды оқығанды жақсы көреді.

2) ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Қорқыныш пен даму. Бұл екеуі ешқашан қатар жүрмейді. Екеуінің біреуін құрбан ету керек. Сонда адам таңдауына қарай, не жетістікке қол жеткізеді, не керісінше құлдилап түседі. Әйгілі миллиардерлер жүрегі дауаламайтын, үрейленетін әрекеттерге өз-өзін итермелейді екен. Бұл бойдағы қорқынышты жеңудің ұтымды тәсілі. Марк Цукерберг бірнеше жыл бойы путунхуа тілін үйренуге күш салып, нәтижесінде қазіргі уақытта сол мақсатына жеткен. Қиын әрі өзі үшін жаңалық болған бұл тілді үйрену үшін Цукерберг өзін қинап, іштей сабырға шақырып отырған екен.

3) СПОРТПЕН ШҰҒЫЛДАНУ

Том Корли есімді жазушы «Бай адамдардың әдеттері» атты кітабын жазу үшін 5 жыл бойы байлардың бір күндік жоспарын қадағалаған екен. Зерттей келе, барлығы физикалық жаттығу жасауға арнайы уақыт бөлетінін байқаған. Корлидің зерттеуі бойынша, күнделікті жүгіріп, жүріп, жаттығу жасаған адамдардың зияткерлік көрсеткіші жоғары, өз-өзіне сенімді, физикалық күш-қуаты мықты болған. Миллиардерлер әр таңды спортқа арнайды. Қаншалықты жұмысбасты болса да, күндік жоспарының бірінші кезегіне жаттығу жасауды қояды. Жетістікке жетем десеңіз, спортқа да көңіл бөлуді ұмытпаңыз.

4) МҰҚТАЖ ЖАНҒА ҚОЛ ҰШЫН СОЗУ

2010 жылы Билл Гейтс пен оның жары Мелинда және белгілі миллиардер Уоррен Баффет «Қайырымдылыққа ант» деген атаумен филантропиялық науқан бастады. Талап бойынша, қайырымдылыққа негізделген акцияға қатысушы тұлғалар жеке капиталының тең жартысын ортақ қорға аударады. Бұл қайырымдылықтың мақсаты – кедейлікпен күресу және денсаулық сақтау саласын ілгерілету. Қайырымдылық тек қаражаты мол



қалталылардың ғана атқаруға тиісті міндеті емес. Кез келгеніміз қолымыздан келгенше, жағдайымыздың жеткенінше мұқтаж жанға қол үшін созуға міндеттіміз. 100 адам әлемді кедейліктен құтқара алады екен.

5) КҮНДЕЛІКТІ КҮРЕС ЖҮРГІЗУ

Белгілі баскетболшы Майкл Джордан бір сұхбатында «Мен, тек жеңу үшін ойнаймын. Мейлі, жаттығу кезінде болсын, матч кезінде болсын, бірінші болуды көздеймін» депті. Расында, әрдайым алда болуды алға қою керек. Сонда ғана өзіңе деген сенім пайда болады және ол күн өткен сайын арта түседі.

6) СЕРУЕНДЕУ

Американың психологиялық ассоциациясы жүргізген зерттеу жұмысындағы көрсеткіштер таза ауада серуендеу адамның ерекше болуына көмегін тигізетінін, кезіккен кедергіні тез шешуге қабілетті болатынын көрсетті. Тәжірибелі басшылар іскерлік кездесуді таза ауада серуендеп жүріп жүргізеді. Олардың арасында Марк Цукерберг те бар. Ал бұл тәсілдің артықшылығы жайлы Virgin Group компаниясының негізін қалаушы Ричард Брэнсон өз блогында жазыпты. «Бұл бірден іске кірісіп кетіп, шешім қабылдаудың, келіссөз жасаудың ұтымды әрі жылдам тәсілі деп ойлаймын. Таза ауада өзінді жайлы сезінесің, табиғаттан қуат атып, өзіңді энергиямен байыта түсесің».

Сол себепті, 24/7 телефонға телміруді доғарып, арасында таза ауада алға қойған мақсаттарыңыз жайлы, жоспарларыңыз жайлы жиі ойланыңыз. Ашық аспанның астында таза ауамен тыныстап, болашақтың іргесін тас қылып қалаңыз.

Деректер интернет желісінен алынды